

**БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨңІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ректоры
_____ **Б.А. Ердембеков**
« _____ » _____ **2017 ж**

**Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
магистратура мен докторантураға қабылдаудың Ережелері**

Баспа қызмет бабында пайдалану үшін

**Ақтөбе қ.
2017 ж.**

1. Ереже жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде құрастырылған 19 қантар 2012ж. № 109 (өзгерістер мен торлықтырулар 26 шілде 2017ж. № 447)

Ғылым және инновациялар жөніндегі Проректор

Р.А.Бекназаров _____

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің бастығы

А.Ж.Нурутдинова _____

Бекітілген және қолданысқа енгізілген

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректорымен (хаттама №. ____ от «__» _____ 2017ж.)

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректорының ресми рұқсатынсыз осы Ереже толық және жартылай шығарылмайды және таратылмайды

Осы Ереже Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ ректорының рұқсатынсыз үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін емес.

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Осы Ереже жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалар (19 қаңтарда 2012 ж. № 109, өзгерістер мен толықтырулар 26 шілде 2017ж. № 447) негізінде Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің (бұдан әрі- Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ) магистратурасына және докторантурасына оқуға қабылдау ережелерін айқындайды.

2 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің магистратура мен докторантураға қабылдаудың Ережелері (бұдан әрі- Ереже) ҚР 2007 ж. 27 шілде №319-III (29.09.14ж. өзгерістер мен толықтырулар) Білім туралы заңы; ҚР 2011ж. 18 ақпанның № 407-IV (11 шілде 2017ж. өзгерістер мен толықтырулар) Ғылым туралы заңы; ҚР 23 тамыз 2012ж. №1080 (13.05.2016г. №292 өзгерістер мен толықтырулар) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МББС; ҚР 19 қаңтарда 2012 ж. №109 (26.07.2017 ж. №447 өзгерістер мен толықтырулар) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде құрастырылды.

2.2 Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ магистратурасына жоғары білімі бар ҚР азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар қабылданады. Бакалавриат мамандығы және арнаулы жоғары білімі мамандығы сәйкес келуге тиіс.

2.3 Шетелде бакалавриат бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алған тұлғалар ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитетінде білім алған туралы құжаттарды тану және нострификациядан өтуге міндетті.

2.4 Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ докторантурасына ғылым кандидаты немесе «магистр» ғылыми дәрежесі бар тұлғалар қабылданады.

2.5 Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ магистранттарын контингенттік құрылымдау ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындауға мемлекеттік білім тапсырысын үлестіру арқылы, және жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде жүргізіледі.

2.6 Өзге мемлекеттердің азаматтары болып табылатын қазақ ұлтының өкілдері ҚР азаматтарымен бірдей жоғары ғылыми-педагогикалық білім алуға құқығы бар.

2.7 ҚР аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар егер бұл деңгейдегі білім алулары алғаш рет болса, байқау негізінде мемлекеттік білім грантына сәйкес ақысыз түрде жоғары оқу орнынан кейінгі білім ала алады.

2.8 Басқа да шетел азаматтары ҚР заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша және ҚР бекітілген халықаралық келісім шарттар бойынша қабылданады.

2.9 Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ магистратурасына бюджет есебінен қабылданатын тұлғалар саны мемлекеттік білім грантының саны бойынша анықталады.

2.10 Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ҚР заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғаларды белгіленген қабылдау жоспарынан тыс, келісім шарт негізінде ақылы түрдегі оқуға қабылдауға құқылы.

2.11 Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау емтихандары мен қабылдау кезінде ректор бұйрығы бойынша қабылдау комиссиясы, емтихан комиссиясы және апелляциялық комиссиялар құрылады.

2.12 Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ–дің қабылдау комиссиясының төрағасы университеттің ректоры болып табылады. Қабылдау комиссиясы магистратура мен докторантураға қабылдау және қабылдау емтихандарына өткізу жөнінде шешім шығарады.

2.13 Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ–дің қабылдау комиссиясы құжаттарды қабылдауды бастамас бұрын, төмендегілерді белгілейді:

- Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ–дің магистратура және докторантурасына қабылдау тәртібі;
- Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ–дің лицензияға сәйкес құжаттар қабылдау жарияланған мамандықтар тізімі;
- Әр мамандықтың қабылдау емтихандарының тізімі, олардың бағдарламалары мен өткізілу тәртібі, сонымен қатар, үміткерлердің білімін бағалау жүйесі;
- Бюджеттен қаржыландырылатын орындарға қабылдауды ұйымдастыру;
- Қабылдау емтихандарының нәтижесі бойынша апелляция беру мен оны қарастыру тәртібі;
- АӨМУ магистратурасы мен докторантурасына қабылдау тәртібі;
- Магистрант/докторант дайындаудағы ақылы білім беру келісім шартының үлгісі;

2.14 Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ магистратурасында мына мамандықтардың лицензиясы бар және күндізгі оқу формасы бойынша тұлғаларды оқуға қабылдау жүргізіледі:

- 6M010300- Педагогика және психология
- 6M020300 - Тарих
- 6M020500- Филология
- 6M050300- Психология
- 6M050600- Экономика

- 6M051000- Мемлекеттік және жергілікті басқару
- 6M051100- Маркетинг
- 6M060100- Математика
- 6M060200- Информатика
- 6M060400- Физика
- 6M060700- Биология
- 6M060800- Экология
- 6M070300- Ақпараттық жүйелер
- 6M011400- Тарих
- 6M011300- Биология
- 6M050700- Менеджмент
- 6M010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
- 6M010200- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістері
- 6M052000- Іскерлік әкімшілік жүргізу
- 6M011000- Физика
- 6M010900- Математика

Докторантураға:

- 6D060100- Математика

3 МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІ ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

3.1. Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-дің докторантура мен магистратурасына түсушілердің өтініштері шілденің 3-і мен 31-і аралығында қабылданады. Докторантура мен магистратураға қабылдау емтихандары 10 тамыз бен 20 тамыз аралығында болады, 28 тамызға дейін оқуға қабылдану болады.

3.2 Оқу ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсу үшін 10 тамыз бен 15 тамыз аралығында кешенді тестілеу өткізіледі.

3.3 Магистратураға түсуші тұлғалар университетке келесі құжаттарды тапсырады:

- ағылшын тілінен қабылдау емтиханын тапсыратын немесе оқу ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға кешенді тестілеу тапсыратын қаланы көрсете отырып, ұйым басшысының атына өтініш жазу;

3.3.1 Жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

3.3.2 Бағдарламалар бойынша тест тапсырғандығы туралы сертификат көшірмесі (бар болған жағдайда);

3.3.3 Кадр есебі жөніндегі жеке іс-парағы және еңбек ісін көрсететін құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);

3.3.4 3*4 сантиметр өлшеміндегі 6 сурет;

3.3.5 086 – У формасындағы медициналық анықтама;

3.3.6 Жеке куәлік көшірмесі;

3.3.7 Ғылыми және ғылыми - әдістемелік жұмыстарының тізімі (бар болған жағдайда);

3.4 Берілген тармақтағы көрсетілген құжаттардың көшірмесімен қатар, салыстырып - тексеру үшін түпнұсқалары да тапсырылады. Салыстырып – тексеру жүргізілген соң, түпнұсқа қайтарылып беріледі.

3.5 Докторантураға түсуші тұлғалар ЖОО-ға төмендегі құжаттарды тапсырады:

3.5.1. Шет тілі бойынша қабылдау емтиханын тапсыратын қаланы көрсете отырып, ұйым басшысының атына өтініш жазу;

3.5.2 Жеке куәлік көшірмесі;

3.5.3 Білімі туралы құжаттың көшірмесі;

3.5.4 Бағдарламалар бойынша тест тапсырғандығы туралы сертификат көшірмесі (бар болған жағдайда);

3.5.5 Ғылыми және ғылыми – әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда);

3.5.6 3*4 сантиметр өлшеміндегі 6 сурет;

3.5.7 086-У формасындағы медициналық анықтама;

3.5.8 Кадр есебі жөніндегі жеке іс-парағы немесе жұмыс орны бойынша кадр бөлімімен куәландырылған, еңбек ісін растайтын басқа құжат;

3.6 Берілген тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмесімен қатар, салыстырып- тексеру үшін олардың түпнұсқалары тапсырылады. Салыстырып-тексеру жұмыстары жүргізілген соң түпнұсқалары қайтарылып беріледі.

3.7 Магистратура мен докторантураға шет тілінен қабылдау емтихандары мен оқу ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсу үшін кешенді тестілеу ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығымен жүргізіледі. (бұдан әрі НЦТ).

4 ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНДАРЫНЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ

4.1 Магистратура мен докторантураға түсуші тұлғалар қабылдау емтихандарын тапсырады:

1) шет тілі бойынша;

2) мамандығы бойынша;

4.2 Қабылдау емтихандарының өткізілу кестесі қабылдау комиссиясы төрағасымен бекітіліп, қабылдау емтихандарының кезекті кезеңі басталардан бұрын он күннен аз емес уақытта жарияланады.

4.3 Мамандықтар бойынша емтихан комиссиясы сәйкес мамандықтар негізінде жоғары білімді ғалымдардан құрылады. Мамандық бойынша емтихан комиссиясының құрамы төраға мен үш комиссия мүшесінен тұрады: олардың екеуі ғылым докторы, ал қалғандары мамандық бағытында ғылым кандидаты болуы міндетті.

4.4 Шет тілі бойынша қабылдау емтихандары Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ базасында ҚР ҒБМ тест орталығы технологиясы негізінде тестілеу формасында жүргізіледі.

4.5 Мамандық бойынша емтихан Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ-дің қабылдау комиссиясымен бекітіледі.

4.6 Емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

4.7 Қабылдау емтиханының нәтижелерімен келіспейтін тұлға жазбаша түрде апелляцияға өтініш бере алады. Апелляцияға өтініш емтихан нәтижесі шыққан соң келесі күні сағат 13:00 -ге дейін қабылданады және оны комиссия мүшелері өтініш берген соң 1 күн ішінде қарастырады.

4.8 Ағылшын тілі бойынша апелляция бастапқыда Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ –дің апелляциялық комиссиясымен қарастырылады, кейін негіздеме болған жағдайда қорытынды шешім қабылдайтын республикалық апелляциялық комиссияға жіберіледі (қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау).

4.9 Мамандық бойынша емтихан апелляциясы Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-дің апелляциялық комиссиясымен қарастырылады.

4.10 Апелляцияны қарастырып болған соң апелляциялық комиссияның емтихан бағасы бойынша шешімі шығады, ол хаттамаға толтырылады.

4.11 Апелляция комиссиясының шешімі барлық комиссия мүшелері дауыс беру арқылы жиналған көп дауыс бойынша қабылданады.

5 МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАНУ ТӘРТІБІ

5.1 Тұлғаларды магистратура мен докторантураға қабылдау - қабылдау емтихандары қорытындысы немесе оқу ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тапсырған кешенді тестілеу қорытындысы бойынша төмендегі ұпайларды жинау арқылы жүзеге асырылады:

- шет тілі бойынша ғылыми-педагогикалық магистратура мен докторантураға -50 ұпайдан кем емес және мамандық бойынша 50 ұпайдан кем емес, шет тілі бойынша резидентураға, бейінді магистратураға-30 ұпайдан кем емес және мамандық бойынша 50 ұпайдан кем емес қазіргі типтік ереженің 1к қосымшасына сәйкес;
- ағылшын тіліндегі бейінді магистратурада оқу үшін – 19 ұпайдан кем емес, соның ішінде оқу тілі бойынша – 8 ұпайдан кем емес, екінші тіл бойынша 2 ұпайдан кем емес, ағылшын тілі бойынша (1 дұрыс жауап таңдау) – 3 ұпайдан кем емес, ағылшын тілі бойынша (1 немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау) – 2 ұпайдан кем емес, оқу тілі бойынша (1 немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау) – 4 ұпайдан кем емес қазіргі типтік ереженің 2к қосымшасына сәйкес;
- мемлекеттік білім гранты бойынша, оқуға шет тілі мен мамандықтың қабылдау емтихандарынан ең жоғары ұпай алған тұлғалар қабылданады.

1) Ғылыми – педагогикалық магистратура мен докторантура үшін – 150 ұпайдан кем емес;

2) Бейінді магистратура мен резидентура үшін 130 ұпайдан кем емес.

5.2 Оқу ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға мемлекеттік білім гранты бойынша қабылдау емтихандарынан 25 ұпайдан жоғары жинаған тұлғалар байқау негізінде қабылданады.

5.3 Шет тілінен (ағылшын, француз, неміс) тест тапсырғандығы туралы сертификаты бар тұлғаларға 100-ұпайлық жүйе бойынша ең жоғарғы ұпай есептелінеді.

5.4 Оқу ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға мемлекеттік білім беру грантына байқауға қатысу үшін үміткерлер ЖОО-ға 17 тамызға дейін өтініш бере алады. Үміткерлер өтінішінде білім беру аумағындағы құзыретті ұйыммен бекітілген тізімдегі ЖОО мен мамандықты көрсетеді.

5.5 Оқу ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада мемлекеттік білім грантына мамандық бойынша байқау 22 тамызға дейін Республикалық байқау комиссиясымен жүргізіледі.

5.6 Оқу ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураның мемлекеттік білім гранты кешенді тестілеу сертификаты ұпайы негізінде белгіленеді. Кешенді тестілеуден бірдей нәтиже көрсеткен жағдайда, мамандық бойынша тесттен жоғары ұпай алған тұлға басымдыққа ие болады. Бұдан соң оқуға дайындықты анықтау тестінің нәтижелері есепке алынады; одан кейін – GPA (Grade Point Average – Грейт поинт Эверейдж) дипломға қосымшасы (алдыңғы білім деңгейінің) және еңбек өтілі есепке алынады.

5.7 Келісім шарт негізінде оқуға қабылдау туралы бұйрық магистрантты /докторантты дайындауда білім беруде ақылы қызмет көрсету туралы келісім шарт жасағаннан кейін және бірінші оқу жылына толық немесе бөлшектеп (25% кем емес) төлем жасалған соң қабылданады.

5.6 Магистранттар мен докторанттар қатарына қабылдау Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-дің қабылдау комиссиясымен 28 тамызға дейін жүзеге асады.

5.7 Нормативті акттар мен берілген ережеде қарастырылмаған сұрақтарды Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ комиссиясы дербес түрде қарастырады.

6 МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ҚҰРЫЛҒАН ЕМТИХАН КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

6.1 Мамандық бойынша құрылған емтихан комиссиясы өз жұмысында осы Ережені басшылыққа алады. Мамандық бойынша құрылған емтихан комиссиясы мамандық бойынша қабылдау емтиханының нәтижелерін талапқа сай толтыру жұмыстарымен айналысады.

6.2 Емтихан нәтижелері 100-ұпайлық жүйемен бағаланады, билеттің әр сұрағы да 100-ұпайлық жүйемен бағаланады, ал қорытынды баға барлық сұрақтар бойынша орташа арифметикалық есепте қойылады. Үміткерлердің бағасы емтиханнан соң комиссия мүшелерінің талқылауларын есепке ала отырып жарияланады.

6.3 Шет тілінен тест тапсыру сертификаттары бар және нақты ереженің 5.3. тармақшасының талаптарына сай келетін тұлғаларға шет тілі емтиханынан 100 ұпай есептелінеді.

6.4 Үміткердің мамандық бойынша білім бағасы туралы емтихан комиссиясының шешімі хаттамаға толтырылады. Мамандық бойынша қабылдау емтиханының қорытындысы толтырылған хаттама Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-дің қабылдау комиссиясына қарауға жіберіледі.

6.5 Қабылдау емтихандарының материалдары мамандық бойынша емтихан комиссиясының төрағасымен расталып, оқуға түсушінің жеке іс-қағаздарына қосылады.

6.6 Мамандық бойынша емтихан комиссиясының жұмысы жоғарғы оқу орнынан кейінгі бөлімге қабылдау қорытындысы есебін жіберумен аяқталады.

КЕЛІСІЛДІ:

Бірінші проректор:

Шункеев К.Ш.

Заң қызметі және қызметкерлерді
басқару бөлімінің заңгері:

Утегенов М.К.

Заң қызметі және қызметкерлерді
басқару бөлімінің басшысы:

Нурушева М.С.

1-Қосымша
Қ. Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
магистратура мен докторантураға қабылдау тәртібі

100 балдық бағалау жүйесін 5 балдық бағалау жүйесіне ауыстыру шәкілі

100 балдық бағалау жүйесі бойынша балдар	5 балдық бағалау жүйесі бойынша балдар
95-100	Өте жақсы (5)
90-94	
85-89	
80-84	Жақсы (4)
75-79	
70-74	
65-69	Қанағаттанарлық (3)
60-64	
55-59	
50-54	
30-49	
0-29	Қанағаттанарлықсыз (2)*

*бейінді магистратурада шет тілі бойынша «қанағаттандырылмайды» бағасына 0 ден 29 аралығындағы ұпайлар сәйкес келеді

2-Қосымша
 Қ. Жұбанов атындағы
 Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
 магистратура мен докторантураға қабылдау тәртібі

100-балдық бағалау жүйесінің шәкілі

Тест түрлері	Тапсырма нысандары	Тапсырмалар саны	Тапсыру тілі	Балдар	Шекті балл
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауап таңдалатын	20	Оқыту тілі	20	8
		10	Екінші тіл*	10	2
Мамандық бойынша тест	Бір дұрыс жауап таңдалатын	30	Ағылшын тілі	30	3
		10	Ағылшын тілі	20	2
	Бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдалатын	10	Оқыту тілі	20	4
Барлығы	-	80	-	100	19